

2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1032 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың
ж о б а с ы ма қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ербол Тұрмаханұлы Орынбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан 2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

8

қ ы р к ү й е к т е г і

№

1 0 3 2

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама

(2011 жылғы 9 қыркүйекте күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

2004 жылғы 16 қарашадағы және 2008 жылғы 24 маусымдағы өзгерістермен және толықтырулармен бірге 2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) Тараптары болып табылатын Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі «Үкімет» деп аталатын) мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (бұдан әрі «Банк» деп аталатын) экономикалық және секторлық зерттеулерді жүргізуде Үкіметтің әлеуетін қалыптастыру мен нығайту мақсатында төмендегілер туралы келісті:

1. Келісімнің 6-бөліміндегі бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Үш жылдық кезең ішінде Үкімет БЭЗБ-ны қаржыландыруға қоса қаржыландырудағы өз үлесін ықтимал ұлғайту құқығымен оның тиісінше 2011 жылғы 1 шілдеден 2012 жылғы 30 маусымға дейінгі, 2012 жылғы 1 шілдеден 2013 жылғы 30 маусымға дейінгі және 2013 жылғы 1 шілдеден 2014 жылғы 30 маусымға дейінгі әр жұмыс кезеңіндегі жалпы құнының алпыс пайызын (60 %) жаба отырып қатысады.».

2. Келісімнің 20-бөліміндегі «2011 жылдың 10 шілдесіне» деген сөздер «2014 жылдың 10 шілдесіне» деген сөздермен ауыстырылсын.

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Келісімнің 20-бөлімінде көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2011 жылғы «__» _____ Астана қаласында әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының

Халықаралық Қайта Құру

Үкіметі үшін

және Даму Банкі үшін

РҚАО-ның ескертпесі: Бұдан әрі Хаттаманың мәтіні ағылшын тілінде берілген.